Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili






Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 12 aqpan 2026 jyl №06 (11 202)

Конституция жобасы кеңінен талқылануда

# АУДАН АКТИВІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

**Ауданымызда жаңа Конституция жобасын қоғамдық талқылау басталды. Осыған байланысты жуырда аудан активі болып өтті.**

**Актив отырысына аудандық мәслихат депутаттары, мекеме, бөлім басшылары, ауыл, кент әкімдері, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері, ардагерлер қатысты.**

Аудан активін кіріспе сөзбен ашқан аудан әкімі М.Мұхтаров ағымдағы жылдың қаңтар айында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы парламенттік реформа бойынша жұмысты қорытындылады, елді саяси жаңғыртудың жаңа кезеңінің және ауқымды конституциялық реформаның басталғаны туралы хабарлағанын атап өтті.

Осыған байланысты 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылғанын, Конституцияның жаңа редакциясы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, азаматтардың шешімдер қабылдауға қатысуын кеңейтуге және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытталғандығын және алдағы өзгерістер демократиялық институттарды нығайтып, билік органдарының қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады, ауданымыздың дамуына қосымша серпін беретініне сенімдімін, – деді.



Бұдан әрі ашық талқылау барысында жарыссөзге шыққан аудандық мәслихат төрағасы С.Социал “Жаңа конституциялық құндылықтар мен ұлттық тәрбие сабақтастығы” туралы, “Мемлекеттік құндылықтар мен қоғамдық бақылаудың өзара сабақтастығы туралы” аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ахметов, сондай-ақ, «Конституцияның жаңа редакциясындағы 7-бап: мемлекеттің зайырлы сипаты және діннің мемлекеттен бөлінуі» тақырыбында Шет ауданы әкімі жанындағы әйелдер істері және демографиялық саясат жөніндегі комиссиының хатшысы Ахметова Гүлшара, «Конституцияның жаңа редакциясындағы адами капиталды дамытудағы ғылым мен білімнің рөлі» тақырыбында Шет ауданы білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жұмаділова Мөлдір, “Конституциялық жаңашылдықтар мен бизнес ортаның даму перспективалары туралы” «Nova-Цинк» ЖШС-і кәсіпорнының әлеуметтік және әкімшілік сұрақтар бөлімінің басшысы Молыбаев Медет баяндамалар жасап, негізгі заң жобасының басты жаңалықтарымен таныстырды.

Актив жиынын қорытындылаған аудан әкімі бірқатар хаттамалық тапсырмалар берді.

**Өз тілшімізден.**

Жағымды жаңалық!

# ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІ БЕРІЛДІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында айтылған міндеттер аясында денсаулық сақтау жүйесінде ауқымды өзгерістер жүзеге асуда. Халықтың өмір сүру ұзақтығын ұлғайтып, әрбір азаматқа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсетуге, денсаулық сақтау саласын сапалы түрде жаңғыртуға бағытталған. Ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде көз тартарлық, сәулетті медициналық пункттердің салынуы, жаңа заманауи медициналық құрал жабдықтармен қамтылуы соның бір айқын дәлелі.**

Сейсенбі күні аудандық орталық аурухананың автопаркі 8 бірдей жаңа мамандандырылған автокөлікпен толықты. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев құттықтау сөз сөйлеп, бұл қадам халықтың денсаулығын нығайту мен жедел көмек сапасын арттырудағы маңызды белес екенін атап өтті.

Салтанатты шарада Ақсу-Аюлы және Ақадыр кенттеріне арнайы заманауи медициналық құралдармен жабдықталған жедел жәрдем көліктерінің кілттері берілсе, санитарлық автокөліктердің кілттері Мойынты, Сәкен Сейфуллин кенттері мен Өспен және Красная Поляна дәрігерлік амбулаторияларына табысталды.

Бұл – әрбір ауыл тұрғыны үшін сапалы әрі жылдам медициналық көмектің қолжетімді болуының кепілі болмақ. Олай болса, ақ халатты абзал жандардың еңбегіне сәттілік, ал жаңа көліктер халық игілігіне ұзағынан қызмет етсін деген тілектеміз!

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**







Қоғамдық ұйымдарда

# ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ БОЛЫП ӨТТІ

**6 ақпан күні Шет аудандық Ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Есеп беру-сайлау конференциясына аудандық мәслихат депутаттары, аудандық мекеме, бөлім басшылары, 24 ауылдық округінен ардагерлер кеңесінің төрағалары және әйелдер кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері мен қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.**

Конференция жұмысын аудан әкімі М.Мұхтаров кіріспе сөзбен ашты. Жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, қол жеткен жетістіктерге тоқталып өткен аудан әкімі конференция жұмысына сәттілік тіледі.



Бұдан әрі конференцияға төрағалық еткен Шет ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірғали Ахмедияұлы Қызылов регламентімен таныстырып, аудандық ардагерлер кеңесінің есепті мерзім ішіндегі жұмысы туралы баяндама жасады.

Жарыссөзге шығып, сөз сөйлеген Қарағанды облысының Құрметті ардагері, Шет ауданының Құрметті азаматы Жұмкин Боранбай Исатайұлы, «Amanat» партиясы Шет аудандық филиалының төрағасы Бауыржан Баданов, Шет аудандық Ақсақалдар алқасының төрағасы Смағұлов Әділ, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Ахметова Гүлшара Қамиқызы, Ақадыр кентінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алпысбаев Серік және Тағылы ауылдық округінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Игенов Балтабай есепті кезеңде ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамдық белсенділігін арттыру, жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында бірқатар жұмыстар атқарғандығын айтып, аудандық Ардагерлер кеңесінің жыл бойы атқарылған жұмысына оң баға берді.

Конференцияда кеңестің жаңа құрамын сайлау туралы мәселе талқыланып, құрамы 15 адамнан сайланды. Атап айтсақ, Шет аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қызылов Өмірғали, білім саласының ардагері, ақын Амандықұлы Тезекбай, Ақсу-Аюлы ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жуасбаев Қарғажан, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы, Мәдениет қайраткері Ахметова Гүлшара, Ақсақалдар алқасының төрағасы Смағұлов Әділ, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Жәнібеков Ертай, Ақадыр кенті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алпысбаев Серік, Шет ауданының Құрметті азаматы, "Құрмет орденінің иегері Жұмкин Боранбай, ауылшаруашылығы саласының Құрметті ардагері Сәрсембеков Қайролла, білім беру саласының үздігі, ұлағатты ұстаз, Шет ауданының Құрметті ардагері Әбдірахманова Манап, Тағылы ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрағасы Игенов Балтабай, "Жанқұтты би" мешітінің бас имамы Берік қажы Алпысбайұлы және Мойынты кенті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Адамбаев Үмбетали, С.Сейфуллин кентінен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жүнісбеков Жұмаш сайланды.

Ал, Шет аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып Қызылов Өмірғали Ахмедияұлы қайта сайланды және төрағаның орынбасары болып Амандықұлы Тезекбай, кеңестің жауапты хатшылығына Жуасбаев Қарғажан сайланды. Сондай-ақ, аудандағы ардагерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал ету, сондай-ақ, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында қаулы қабылданды.

Ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясын қорытындылаған аудан әкімі М.Мұхтаров ауданымызда бірқатар маңызды мәселелер шешімін тапқанын, соның ішінде тозығы жеткен электр желілері мемлекет меншігіне қайтарылып, мемлекет тарапынан бөлінген қомақты қаржыға кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстары жүргізіліліп жатқандығын атап өтті. Сондай-ақ, ауданымызда 200-ден астам тұрғын үй салынып, көпбалалы және әлеуметтік осал топтағы отбасылар баспанамен қамтылды. Ауыл-аймақтарда таза ауыз су құбырлары жаңартылып, жаңа медициналық пункттер, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бой көтеріп, «Келешек мектеп» бағдарламасы аясында аудан орталығы мен С.Сейфуллин кентінде жаңа мектептер пайдалануға берілді. Бұл нәтижелі көрсеткіштер ғана емес, болашақ ұрпақ үшін құйылған құнды инвестиция деді.

Осынау игі істердің барлығында құрметті ардагерлер Сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бен қолдауларыңыз және айрықша азаматтық ұстанымдарыңыз маңызды рөл атқаруда. Қай мәселе болмасын, жергілікті билік пен қараша қауымның арасында алтын көпір болып ауданымыздың өркендеуіне еселі еңбек жасап жүрсіздер.

Бүгінгі жаңа құрамның жасақталуы да жоғарғы сабақтастық пен селкеусіз сенімнің әрі өзара ауызбіршіліктің айғағы екенін айтып, жаңадан сайланған ардагерлер кеңесінің құрамына сәттілік тіледі.

**Өз тілшімізден.**

Мемлекеттік қызмет - абыройлы міндет

# ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУ ЖӘНЕ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ

**Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі кадр саясатына тікелей байланысты. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметте қызметтік өсуді жетілдіру және меритократия қағидатын дамыту - кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастырудың маңызды алғышарты. Меритократия кәсібилікке, білімге, қабілетке және адал еңбекке негізделген басқару жүйесін көздейді.**

«Меритократия» ұғымы «лайықты билік» мағынасын білдіріп, қызметтік лауазымдарға жеке еңбегі, білімі, тәжірибесі мен кәсіби жетістіктері арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл қағидат мемлекеттік қызметте әділдік пен тең мүмкіндіктерді қалыптастырып, халықтың билікке деген сенімін арттыруға септігін тигізеді.

Мемлекеттік қызметте өсу - бұл қызметшінің кәсіби біліктілігі мен нәтижелі еңбегіне сәйкес жоғары лауазымға тағайындалуы. Ашық және әділ қызметтік өсу жүйесі мемлекеттік аппараттың тұрақтылығы мен тиімділігін арттырып, қызметкерлерді өзін-өзі дамытуға және үздіксіз білім алуға ынталандырады.

Өз кезегінде меритократия қағидатын енгізу кадрларды іріктеу мен ілгерілетуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп, кәсіби әрі жауапты мамандардың басқару жүйесіне келуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жеке және квазимемлекеттік секторда салалық тәжірибесі бар білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту арқылы кәсіби аппаратты нығайтудың тиімді жолы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті меритократия қағидатын сақтау арқылы кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстарды жүзеге асыруда.

Мәселен, 2025 жылы Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында 167 басшылық лауазымына 87 (52%) мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты негізінде ішкі конкурс арқылы тағайындалды.

Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдерінде 98 басшылық лауазымның 45-іне (46 %) осындай тәртіппен тағайындау жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тоқсан сайын жоғары нәтижелер көрсеткен мемлекеттік қызметшілер конкурстық рәсімдерсіз жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметте өсу мен меритократия қағидаты өзара тығыз байланысты. Меритократияға негізделген қызметтік өсу жүйесі кәсіби, әділ және халыққа қызмет ететін мемлекеттік аппарат қалыптастырудың басты шарты болып қала береді.

**Д.АБДРАХМАНОВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.**

Медиация

# ТАТУЛАСУ - ЖАНЖАЛДАН ШЫҒУДЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ЖОЛЫ

**Қазақстанда азаматтық дауларды сотсыз және тергеусіз шешу тәсілі ретінде медиация сияқты сот дауларына балама белсенді дамуда. Медиацияның мақсаты - тек дауласушы тараптарды бітістіру ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік ортадағы тыныштықты сақтау, қоғамдағы татулықты орнықтыру, тараптарды алдымен арнамысына жүгіндіріп, мәселені ушықтырмай, ақылмен саралауға тәрбиелеу.**

Бұл тұрғыда қол жетілген табыстар баршылық. Медиация дауласушы тараптардың арасындағы қарым-қатынасты анықтау үшін емес, дауласушы тарапты бітімге келтіру үшін қызмет етеді. Медиация барысында тараптар өз қалауы бойынша өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға немесе даушардан бас тартуға құқылы. Медиация тараптардың өзара келісімі бойынша қолданылады.

Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Медиация тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Аталған рәсім бейтарап медиаторды тарту арқылы келісімге келу жолымен уағдаластыру арқылы жүзеге асырылады. Медиатордың қызметін кәсіби негізде кәсіпқой медиатор, ал кәсіби емес негізде қоғамдық медиатор жүзеге асырады.

Негізінен азаматтық істерге қолданылатын медиацияның көздеген мақсаты - тараптардың талаптарын қанағаттандырып, ортақ, екі жаққа тиімді мәмілеге келтіру. Кез-келген шағымда, арызда, талап-арызда талас болады, сол таласты шешу барысында тараптарды бітімгершілікке шақыруды көздейтін заңның тұғыры күн өткен сайын бекіп келеді.

Қазіргі уақытта соттар өндірісіндегі жеке және заңды тұлғалар қатысатын еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын азаматтық істер, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу санатындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша медиация рәсімі қолданылуда.

Қазақстан халқы үшін медиация - бірлік пен тұтастық кепілі. Бір сөзбен айтқанда медиацияны кеңінен қолданысқа енгізудің тағы бір тиімділігі - дауласушы тараптар уақыттан да ұтады.

**А.МАХИМОВА,**
**Шет ауданының №2 аудандық сотының судьясы.**

Шет аудандық Қоғамдық кеңесінде

# КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Жуырда аудандық Қоғамдық кеңестің Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын талқылауға арналған отырысы өтті. Отырысқа Қоғамдық кеңес төрағасы Е.Жәнібеков төрағалық етті. Отырысқа Шет аудандық мәслихатының төрағасы С.Социал арнайы келіп қатысты.**



Отырыстың басты мәселесі Конституцияның жаңа жобасын таныстыру, оны жан-жақты талқылау, сондай-ақ, қоғам өкілдері тарапынан түскен ұсыныстар мен пікірлерді қарастыруға арналды.

Аудандық мәслихат депутаты Социал Саят тарихи құқықтық дәстүрлермен сабақтастыққа тоқталып, Конституциялық реформалардың ел бірлігі мен әділдікті сақтауға қызмет ететінін атап өтті.

Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Жәнібеков, Қоғамдық кеңес мүшелері О.Сейілбеков, М.Ибрайкин мен А.Абсаматқызы конституциялық реформалардың маңыздылығын атап, жаңа Конституция жобасы әділетті және тиімді мемлекетті қалыптастыруға бағытталғанын, жаңа Ата Заңды мемлекеттік-қоғамдық келісім ретінде бағалап, оның азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталғанын, сондай-ақ, жаңа Конституцияның білім мен жастар мәселесіне ерекше көңіл бөлетінін, білім саласына тың серпін беретінін және педагогтердің бұл қағидаттарды жүзеге асыруға қатысуы маңызды екенін атап өтті.

Кеңес мүшелері ой пікірлері мен ұсыныстарын саралай келе, Конституциялық реформалардың мәнін тұрғындарға түсіндіруді күшейтуді, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын барлық елді мекенде ұйымдастыруды, қоғам мүшелерін, жастар мен педагогтарды реформаларды іс жүзінде жүзеге асыруға тартуды және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жөнінде ашық ақпарат беру арқылы қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайту керектігі айтылды.

Шет аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын толық қолдайтынын мәлімдеді.

**Өз тілшімізден.**

Конституция жобасы кеңінен талқылануда

# ЖАҢА ЖОБА АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ТАЛҚЫЛАНУДА

**Ауыл тұрғындары арасында Конституцияның жаңа жобасын талқылау жалғасып жатыр. Өткен аптада Төменгі Қайрақты және Тағылы ауылдық округтерінде ақпараттық насихат тобы мүшелері жаңа Конституция жобасын талқылау мақсатында тұрғындармен кездесу өткізді.**

Кездесулерде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Қызылов, Шет ауданының Құрметті азаматы Боранбай Жұмкин, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшара Ахметова ауыл жұртшылығына жаңа Конституция жобасындағы ұсынылып отырған өзгерістердің маңызын жан-жақты түсіндіріп берді.



Жұртшылықпен болған кездесуден бұрын ақпараттық топ мүшелері Тағылы ауылдық округі әкімдігінде ашылған ардагерлер кеңесінің кабинетімен танысты. Шағын кабинет қабырғаларына ардагерлер кеңесі, жергілікті қоғамдастық, жастар ұйымы, әйелдер кеңесі жайлы, сондай-ақ, ауыл тарихы мен танымдық қажетті ақпараттар ілінген. Ауыл әкімі Санат Әлішев пен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Балтабай Игенұлының айтуынша бұл кабинет ардагерлер кеңесі мүшелерінің қаржысына және ауыл әкімдігінің демеушілігімен ашылған.



Ардагерлермен өткен бас қосуда аудандық мәслихаттың бас маманы Бағдат Әбілдин жергілікті қоғамдастықтың өкілеттігі мен жалпы жұмыстары жайлы түсіндірді.

Ардагерлермен осы бас қосуда Шет ауданының Құрметті азаматы Боранбай Жұмкин ақсақал "Болашақ" шаруа қожалығының жетекшісі Бәкіров Мақсат Нұрлыбекұлына "Әділетті Қазақстан" республикалық инновациялық ғылыми орталығының "Мал шаруашылығын дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін "Үздік шаруа қожалығы" төсбелгісін және дипломын табыс етті.



"Болашақ" шаруа қожалығы қой өсіретін шаруашылық. Сонымен қатар, жылқы малын асылдандыруда. Мақсат сондай-ақ, жеке арнайы көлігімен "Ақадыр-Қарағанды" бағытында жолаушылар тасымалдаумен де айналысады.

**Өз тілшімізден.**

Мемлекеттік рәміздер

# ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРІНІСІ

**Елдіктің қалыптасу тірегі әрі әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі - оның мемлекеттік рәміздері. Рәміздер халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, рухани құндылықтарын бойына жинақтай отырып, ұлттың өзін-өзі тануына қызмет етеді. Олар мемлекет пен қоғам арасындағы рухани байланысты бекемдейтін маңызды құрал саналады.**

**Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері елдің бетке ұстар айрықша құжаты іспетті. Олар халқымыздың бірегей болмысын, салт-дәстүрін, тарихи сабақтастығын айқындап көрсетеді.**



Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран - тәуелсіздік пен егемендіктің нақты бейнесі ғана емес, ұлттық сананың көрінісі. Мемлекеттік билік рәміздері кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамамен, яғни ұлттық идеямен тығыз байланыста болуы тиіс.

Ұлттық идея - жасанды түрде қалыптастырылатын ұғым емес, ол халықтың тарихи тәжірибесінен, ортақ құндылықтарынан, өмір салтынан туындайды. Сондықтан рәміздер халықтың ішкі рухани сұранысын, болашаққа деген ортақ мұратын бейнелегенде ғана шынайы мәнге ие болады.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік рәміздер - ұлттың өткені мен бүгіні арасындағы алтын көпір, ал болашаққа бағытталған рухани бағдаршам. Оларды қастерлеу - тарихқа тағзым, елдікке адалдық және ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Рәміздер арқылы ұлттық идея бекемделіп, мемлекеттің тұтастығы мен дамуына берік негіз қаланады.

**А.ОМАРОВА,**
**Нұраталды ауылдық округінің әкім аппаратының бас маманы.**

Жүйелі білім - нәтижелі еңбек

# ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

**Аудан орталығындағы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы - сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастыра білген, дарынды оқушыларға жол ашқан беделді білім ордаларының бірі. Мектеп шәкірттері жыл сайын республикалық, облыстық білім додаларында топ жарып, оқу орнының мерейін үстем етіп келеді. Бұл жетістіктер - ұжымның бірлескен еңбегі мен жүйелі жұмысының нақты нәтижесі.**

Жуырда өткен республикалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауында мектеп оқушысы Төлеубай Мүсілім зерттеушілік қабілетін танытып, жүлделі III орын иеленіп, грамотаға ие болды. Жас зерттеуші өз жұмысында тың ой ұсынып, ғылыми ізденіске бейімділігін дәлелдеді. Жетекшісі – білікті ұстаз Ахметжанова Мақпал Амангелдіқызы – шәкіртіне бағыт-бағдар беріп, зерттеу мәдениетін қалыптастыруда үлкен еңбек сіңірді. Бұл жеңіс – табандылық пен ұстаз бен оқушы арасындағы сенімді еңбектің жемісі.

Сонымен қатар, республикалық кезеңге жолдама алып, облыстық кезеңде жеңімпаз атанған «Әбіш оқулары» байқауында мектептің 10-сынып оқу-шысы Беркин Ақмарал шығармашылық жоба бағыты бойынша үздік танылды. Ол өз жұмысында қаламгер мұрасын терең талдап, көркемдік ерекшеліктерін заманауи көзқараспен жеткізе білді. Жетекшісі – Түсіпханова Бану Аманқызы – оқушының шығармашылық ізденісін шыңдап, ғылыми -әдеби талдау жасауына қолдау көрсетті.




Аталған байқауда сахналық қойылым номинациясы бойынша өнер көрсеткен Нұра Нұржан, Амангелді Шыңғыс, Беспаев Айбат, Балтабаев Әлішер, Арқабай Алинұр сынды өнерлі оқушылар жүлделі III орынды иеленді. Олар сахнада кейіпкер бейнесін нанымды сомдап, көркем сөз бен қимыл үйлесімін шебер ұштастырды. Оқушылардың актерлік шеберлігі, сахна мәдениеті, дауыс ырғағы мен образға енуі көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Бұл жетістік – мектепте оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға ерекше мән берілетінінің дәлелі. Оқушылардың жетекшісі Бану Аманқызы өзінің кәсіби шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Дарынды жастардың тағы бір жарқын жеңісі – облыстық Ілияс оқулары байқауында көрінді. Мектеп оқушысы Саятқызы Ақдидар облыстық кезеңде I орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды. Ол «Заманың заң-ғар тұлғасы» номинациясы бойынша дайындаған




бук трейлері арқылы Ілияс Жансүгіров шығармашылығын жаңаша форматта насихаттап, ақын мұрасын цифрлық кеңістікте әсерлі жеткізе білді. Жетекшісі – шығармашыл ұстаз Бөлкенбаева Әйгерім Дәулетиар-қызы – оқушының идеялық ізденісіне бағыт беріп, заманауи технологияны әдебиетпен ұштастыруына жол ашты.



Ілияс Жансүгіров – қазақ поэзиясының құлагері, ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі. Оның терең ойлы, көркем тілді шығармалары жас ұрпақты елін, жерін сүюге, рухани биіктікке тәрбиелейді. Осындай тағылымы мол мұраны жаңа форматта дәріптеп жүрген оқушылардың еңбегі – ұлт руханиятына қосылған үлес.

Аталған байқаулар – жай ғана сайыс емес, жас ұрпақтың білімін, ізденісін, шығармашылығын, сахналық мәдениетін саралайтын маңызды алаң. Мұн-дай білім додалары оқушылардың жан-жақты дамуына, өзін еркін ұстауына, көшбасшылық қабілетінің қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Бүгінгі жетістіктер – жүйелі білім мен нәтижелі еңбектің, білікті ұстаздар мен талапты оқушылардың бірлескен жұмысының жемісі. Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы алдағы уақытта да талай дарынды шәкірт тәрбиелеп, білім көкжиегінде жаңа белестерді бағындыра беретіні сөзсіз. Білім мен өнерді қатар серік еткен жас дарындар мектеп мерейін асырып, ел болашағына сенім ұялата береді.

**Алина ШАЙДАРОВА,**
**Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**

Танымдық сағат

# АТАНЫҢ СӨЗІ - АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

**Босаға жалпы білім беретін мектебінің Даналық мектебі аясында жүзеге асатын аталар мектебінің жылдық жоспарына сәйкес, 2-сынып оқушыларының аталарына арнап «Атаның сөзі - ақылдың көзі» тақырыбында танымдық ашық тәрбие сағатын өткіздім. Мектепте іс-тәжірибеден өтуші Ж.Каригулова осы іс шараға зор көмегін көрсетті.**

Қоғамда ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды жаңғырту - бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта мектебімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Аталар мектебі» жұмысы - ұрпақтар арасындағы алтын көпірді бекемдеуге арналған тағылымды алаң.

Жуырда өткен Аталар мектебінің кезекті отырысы тәрбиелік мәні жоғары, мазмұны терең іс-шара ретінде ұйымдастырылды. Шараға 2-сынып оқушыларының аталары, мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты - жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, үлкенді құрметтеу, ата-баба салт-дәстүрін дәріптеу және аталардың өмірлік тәжірибесі арқылы өнегелі ой қалыптастыру.

Іс-шара барысында аталар бала тәрбиесіндегі жауапкершілік, отбасындағы әкенің, атаның орны, ұлттық құндылықтардың маңызы туралы ойларын ортаға салды. Өз өмірлерінен алынған өнегелі әңгімелерін айтып, оқушыларға ақыл-кеңес берді. Сонымен қатар, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ұлттық болмыс туралы мазмұнды сұхбаттар жүргізілді.



Іс-шара барысында қазақ халқының жеті қазынасы туралы кеңінен мағлұмат беріліп, оның тәрбиелік, танымдық мәні түсіндірілді. Сонымен қатар, ат әбзелдерінің түрлері мен атаулары таныстырылып, олардың көшпелі өмірдегі маңызы айтылды.

Аталар жылқы малының жас ерекшеліктері туралы мәлімет беріп, әр жас кезеңінің атауы мен ерекшеліктерін түсіндірді. Бұл мәліметтер оқушылардың ұлттық танымын кеңейтіп, дәстүрлі дүниетанымға деген қызығушылығын арттырды.

Шара барысында ұлттық ойындардың бірі - асықтың тарихы мен тәрбиелік маңызы сөз болды. Асықтың түрлері мен атаулары таныстырылып, оның балаларды ептілікке, дәлдікке, шапшаңдыққа баулудағы рөлі атап өтілді. Сонымен қатар, қамшы және қамшы өрімінің түрлері туралы түсінік беріліп, олардың жасалу ерекшеліктері мен тұрмыстағы маңызы айтылды. Бұл мәліметтер оқушылардың ұлттық қолөнерге деген қызығушылығын арттырды.

Оқушылар аталарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, үлкендердің ақ батасын алды.

Кездесу барысында өлеңдер оқылып, ұлттық нақыштағы шағын көріністер көрсетілді. Бұл өз кезегінде жас буынның ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыра түсті.

Іс-шараны жандандыра түскен сәттердің бірі - атасы




мен немересінің қатысуымен өткен мақал-мәтелдер жарысы болды. Жарыс барысында ұрпақтар сабақтастығы айқын көрініс тауып, қатысушылар тапқырлық пен білімдерін көрсетті. Бұл бөлім оқушыларға ерекше әсер қалдырып, халық даналығына деген құрметті күшейтті.

Кездесу соңында аталар жас ұрпаққа ақ баталарын беріп, елге адал қызмет ететін, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін саналы азамат болып өсуге тілек білдірді. Бата беру сәті іс-шараның тәрбиелік маңызын арттырып, қатысушыларға ерекше рухани әсер сыйлады.

Қорытындылай келе, Аталар мектебінің бұл отырысы - ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, ұрпақ сабақтастығын нығайтқан тағылымды шара болды. Мұндай кездесулер жас буынның рухани дамуына оң әсер етіп, ата-ана, мектеп және қоғам арасындағы байланысты күшейтеді.

Аталар мектебі - тек бір реттік іс-шара емес, ол - тәрбиенің өміршең үлгісі. Мұндай кездесулер оқушылардың бойында адамгершілік, патриоттық сезімдерді қалыптастырып, ата-ана мен мектеп, қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.

Қорытындылай келе, Аталар мектебінің жұмысы - ұлттық тәрбиені насихаттаудағы маңызды қадам. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, жас ұрпаққа өнеге берер тағылымды кездесулер көбейе бермек.

**Гүлнұр СҰЛТАНОВА,**
**Босаға жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.**
**Босаға ауылы.**

Мектеп мерейі

# ҰСТАЗ ЖЕТІСТІГІ - МЕКТЕП МӘРТЕБЕСІ

**Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі - мұғалім екені даусыз. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, еңбекқорлық керек. Мектебімізде осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, ұстаздарымыз мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беруде.**

2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығында Еркіндік жалпы білім беретін мектебінің оқу-тәрбие жоспары бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан жүргізілген бақылаудың, бағыт-бағдар берудің нәтижесінде мектеп ұжымы көптеген жетістіктер биігінен көрінді. Атап айтар болсам, аудандық байқаулардың алғашқылары болып дәстүрлі түрде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ұйымдастырылады.

5-10 сынып оқушылары арасында облыстық ашық «Сәкен оқулары» байқауының «Сәкен шығармалары қол-өнер тілімен» номинациясына 7-сынып оқушысы Аманқұл Медина қатысып, II жүлделі орынға ие болса, «Сәкен жолы: Жаһандық көзқарас пен ұлттық мұрат» - номинациясына 9-сынып оқушысы Жаңбырбай Кәусар қатысқаны үшін сертификат алды. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста» байқауының аудандық кезеңіне қатысушы 6-сынып оқушысы Сембай Нұрасыл II жүлделі орын алса, Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы аясында "Міржақып әлемі - елдік пен еркіндік өнегесі" атты аудандық шығармашылық байқауға қатысқан 9-сынып оқушысы Жаңбырбай Кәусар III жүлделі орынды қанжығалады. Бұл байқауларға қатысушы оқушыларды дайындаған жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Капаева.

«Тұлпар мініп, ту ал-ған» облыстық байқаудың аудандық кезеңіне қатысушы 6-сынып оқушылары Амиров Жақсыкелді, Жандәулет Жансұлтан, Тлеубай Айсұлтан және жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.

Осы оқу жылында пән мұғалімдері тарапынан дарынды да қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. 9-11-сыныптарға арналған Республикалық пәндер



олимпиадасының аудандық кезеңіне география пәнінен қатысып, I жүлделі орын алған 9-сынып оқушысы Кенжебаев Ерасыл, облыстық байқаудан сертификат алды. 5-6 сынып оқушыларына арналған пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне жаратылыстану пәні бойынша қатысып бірінші орын алған Тілеубай Айсұлтан облыстық байқауға жолдама алды. (Жетекшісі география пәні мұғалімі Амирова Арайлым Айдосқызы). «Жас келсе іске» дегендей, Арайлым Айдосқызы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып отырады. Дәлелі, облыстық "Саламатты ұлттың сәлемі - қазақша" байқауына қатысып, бас жүлдеге ие болса, ҚР Парламентінің Сенаты ұйымдастырған Республикалық "Taldau Run" әйелдер арасында ұйымдастырылған марафоннан бірінші орынды иеленді.

9-11-сыныптарға арналған Республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне математика пәнінен қатысып, жүлделі бірінші орын алған 10-сынып оқушысы Құтжан Айдос, облыстық байқаудан сертификат алды. (Жетекшісі Төлеубаева Күлсім Құрмашқызы).

5-6 сыныптарға арналған Республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысқан 6-сынып оқушысы Елеусіз Нариман орыс тілі пәнінен үшінші орын, (жетекшісі Келмағанбетова Актолқын Сағынтайқызы), ағылшын тілі пәнінен қатысушы 5-сынып оқушысы Саматова Әдемі-ай екінші орын алды, (жетекшісі Жансейітова Баян Қалибекқызы).

М.Медиева атындағы 9-11-сынып оқушылары арасында ағылшын тілі пәнінен аудандық олимпиадаға белсене қатысып, үшінші орын алғаны үшін 9-сынып оқушысы Жаңбырбай Кәусар марапатталды. (Жетекшісі ағылшын тілі пән мұғалімі Хасенова Айдана Жұмабайқызы).

Мектеп оқушыларының жоғары деңгейдегі олимпиадалар-ға дайындығын жақсарту және пәні бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтау, олимпиада резервін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған олимпиадаға математика пәнінен 2-4 сынып оқушылары арасында Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңіне мектебімізден 6 оқушысы қатысты, екінші, үшінші орындарды иеленді. Олар Рахман Тәуекел, Аманқұл Әділжан, Бақтияр Санжар, Жандәулет Аңсар, Саматов Жантемір, Сембай Ділдә. (Сынып жетекшілері Кешубаева Алмагүл Мекімқызы және Орынбетова Қымбат Шалғынбайқызы).

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерделеу университеті тарих факультетінің Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығына арналған Қазақстан тарихы пәні бойынша мектеп оқушыларының облыстық «КЛИО-2025» Олимпиадасына белсене қатысқаны үшін 11-сынып оқушысы Темірова Аружан, 10-сынып оқушысы Елеусіз Мирас сертификатпен марапатталды. (Жетекшісі Алькеев Айдос Ағыбайұлы).

Қарағанды облысының ауылдар және қалалар оқушылары





арасындағы спартакиадасына күрес додасына қатысқан 9-сынып оқушысы Жақсылық Әлішер екінші орын, Қабдулла Нұрасыл үшінші орын, Нұрмұқаш Нұрасыл үшінші орынмен марапатталды. (Жетекшісі дене тәрбиесі пәні мұғалімі Шарипов Әнуарбек Мақсұтұлы).

Мектебіміздің математика пәні мұғалімі Байжаханова Әлия Алғабасқызы математика, информатика, физика пәндері мұғалімдерінің ашық республикалық шығармашылық байқауының аудандық кезеңіне қатысып, бірінші орынға ие болып және аудан көлемінде «Мұғалімдерге арналған күрделі есептерді талдап шығару» атты шеберлік сабағымен тәжірибе алмасты.

Ал, химия пәні мұғалімі Тезекбаева Рысты Сейпенқызы «Органикалық химиядан қиындық тудыратын есептерді талдау» тақырыбында облыстық шеберлік сынып және Ақжал негізгі орта мектебінде ұйымдастырылған «Биология, химия пәні бойынша ұлттық құндылыққа негізделген білім беру әдіс-тәсілдері мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін ықпалдастыру» атты семинарда «Металдар құймалары» тақырыбында шеберлік сабақ өткізді.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Хасенова Айдана Жұмабайқызы "Interactive games without internet"тақырыпты облыс көлемінде шеберлік сыныбын өткізді.

Білім беру саласындағы ізденісі мен кәсіби шеберлігін танытып, «Әдістемелік вернисаж» республикалық байқауына белсенді қатысып, педагогикалық тәжірибесімен бөліскені үшін қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі ретінде өзім Алғыс хатпен марапатталдым.

Осындай уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты бақытқа жетелеп жүрген ұстаздарға толағай табыс, шығармашылық шабыт тілеймін. Мәңгілік елдің ізбасарларын тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаздар, әрқашанда еңбектеріңіз жансын демекпін.

**Маржан БЕКЕТҚЫЗЫ,
Еркіндік ЖББ мектебінің мұғалімі.
Еркіндік ауылы.**

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы

# АЛТЫ ЖОБА - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Қазіргі жаһандану жағдайында жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға негізделген, жауапкершілігі жоғары, адал азамат етіп тәрбиелеу - қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта еліміздің білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы тәрбиенің мазмұнын жаңғыртып, оқушылардың тұлғалық дамуына жаңа серпін беруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде:«Адал азамат - әділетті қоғамның тірегі. Жауапкершілігі жоғары, еңбекқор әрі саналы ұрпақ қана елді алға бастайды»,-деп атап өткен болатын. Бұл ой «Адал азамат» бағдарламасының негізгі идеялық өзегін айқындайды.

Бағдарлама аясында іске асырылатын алты жоба мектептегі тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыруға және оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған. «Қамқор» жобасы оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелейді.

Қайырымдылық акциялары мен еріктілік іс-шаралары арқылы жас ұрпақ қоғамға қызмет етудің маңызын терең түсінеді. Бұл жоба бала бойындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы адал еңбекке баулу идеясын жүзеге асырады. Оқушылар еңбектің қадірін ұғынып, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Адал еңбекке негізделген тәрбие - болашақта бәсекеге қабілетті, саналы азамат қалыптастырудың басты шарты.Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда «Шабыт» жобасының орны ерекше. Жоба аясында өткізілетін мәдени-шығармашылық іс-шаралар оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, олардың рухани дамуына ықпал етеді.

Шығармашыл тұлға - ойы еркін, көзқарасы кең азамат. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы оқушылардың сыни және зияткерлік ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Пікірталас пен дебат алаңдары арқылы оқушылар өз ойын ашық жеткізуге, дәлелмен сөйлеуге және өзгенің пікірін құрметтеуге дағдыланады. Бұл - демократиялық қоғамға тән мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолы.

Заманауи білім талаптарына сай «SMART BALA» жобасы оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруды көздейді. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, инновациялық ойлау дағдыларын дамыту арқылы оқушылар XXI ғасыр талаптарына бейімделеді. Ал «Балалар кітапханасы» жобасы оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, рухани байлығын арттыруға бағытталған. Кітап арқылы бала ой-өрісін кеңейтіп, адамгершілік пен ізгілікке тәрбиеленеді.

Кітап оқитын ұрпақ - ұлттың зияткерлік әлеуетінің кепілі.

Қорытындылай келе, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан алты жобаның кіріктіріле жүргізілуі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік, зияткерлік және әлеуметтік дамуына оң әсер етуде.

Бұл бағдарлама - ел болашағы саналатын жас ұрпақты адалдыққа, еңбекқорлыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеудің берік негізі.

**Г.КАЛИЕВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы.**

Сақтық шаралары

# АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ - ОРТАҚ МІНДЕТ

Қоғамдық тамақтану объектілерінде газ баллондарын пайдалануға тыйым салынады. Шет ауданы аумағында азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, өрт және техногендік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, атап айтқанда «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай, адамдар жаппай жиналатын орындарда, оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілерінде сұйытылған газ баллондарын пайдалануға жол берілмейді.



